



Жарықдиодты жарықтандырғыш

LED Video Light

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Қазақ

Үлгісі LED308 II



4826802

КІРІСПЕ

Сізге студиялық жарықдиодты Godox жарықтандырғышын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

LED308II жарықтандырғышы макротүсірімде, заттық түсірімде, репортажды түсіруде, бейнетүсірімдердің алуан түрлерінде кеңінен пайдаланылады. Жоғары жарықтылығы мен тұрақты түстер температурасы бар жеңіл және ықшам жарықтандырғыш. Үш үлгісі қолжетімді: LED308W II «суық» жарықпен (5600K), LED308Y II «жылы» жарықпен (3300K) және Bi-color LED308C II (3300K-5600K) реттелетін түстер температурасымен.

Еркешіліктері:

- 308 жоғары сапалы жарықдиодтардан тұратын панель аккумуляторлық батареядан немесе айнымалы тоқ желісінен қуаттанады.
- Жарықтандырғыштарды топтарға біріктіру мүмкіндігі (6 топ, 16 арна).
- Жарықтылықты және түстер температурасын қашықтан басқару.
- Жиынтықта ҚБ пульті, тұтқа және шағын тұғырық бар.
- Үлкен СК-дисплей. Баптаулар жадының функциясы. Көлбеу бұрышын реттеу.
- Барлық камералармен жіне камкордерлармен үйлесімдік.

Типі	Үлгісі
«Суық» нұсқа (түстер температурасы 5600K)	LED308W II
«Жылы» нұсқа (түстер температурасы 3300K)	LED308Y II
Bi-color нұсқа (түстер темп. 3300K~5600K)	LED308C II



САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Судың түсуіне жол бермеңіз. Дымқыл қолыңызды тигізбеңіз, суға батырмаңыз және жаңбырдың әсеріне ұшыратпаңыз.



Аспапты бөлшектеуге немесе қандай болса да тәсілмен түрін өзгертуге тырыспаңыз! Бұйым сынған кезде ақаулы бұйымды авторизацияланған сервистік орталыққа жіберіңіз.



Балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.



Жарықтандырғыш су өткізбейтін болып табылмайды, жаңбырлы немесе ылғал ортада ылғалдан қорғау бойынша шаралар қолданыңыз.



Құрылғыны қоршаған ортаның температурасы 50°C-ден жоғары болғанда пайдаланбаңыз және сақтамаңыз.




Жарықтандырғышты жеңіл тұтанатын газдар көздеріне, химикаттар мен басқа ұқсас заттар мен материалдарға жақын жерде пайдаланбаңыз. Белгілі бір жағдайларда бұл заттар мен материалдар осы жарқылдақ сәулелендіретін қатты жарыққа сезімтал болуы ықтимал, сондықтан өрт немесе электромагниттік кедергілер пайда болуы мүмкін.



Батареялармен жұмыс істегенде сақтық шараларын қолданыңыз.

- Батареяларды отқа салмаңыз және оларды жылудың әсеріне ұшыратпаңыз.
- Батареялар толық разрядталуында ағып кетуге бейім. Бұйымның бұзылуына жол бермеу үшін, егер бұйым ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса немесе батареялар толық разрядталған болса, батареяларды міндетті түрде алып қойыңыз.
- Батареядан аққан сұйықтық теріге немесе киімге тиген жағдайда оларды дереу таза сумен жуып-шайыңыз.

НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



Корпус

- 01. 308 жарықдиод
- 02. Сүзгі/шашыратқыш
- 03. Іске қосу/сөндіру батырмасы
- 04. Мульти селектор + **SET** батырмасы
- 05. **CH/GRP** батырмасы
- 06. Желіге қосылуға арналған ағытпа
- 07. Аккумуляторға арналған бөлік
- 08. СК-дисплей (көктегі ақ)
- 09. А-тұтқасы
- 10. В-тұтқасы
- 11. Бөгеткіш сақина
- 12. Камера тоспасына бекіту
- 13. 1/4" бұрандалы тесік
- 14. Тұтқа
- 15. Шағын тұғырық
- 16. Пердешелер

Қашықтықтан басқару пульті

- 01. СК-дисплей (қара-ақ)
- 02. ON/OFF батырмасы
- 03. CH/GRP батырмасы
- 04. SET батырмасы
- 05. «-» батырмасы
- 06. «+» батырмасы
- 07. Батареяларға арналған бөлік
- 08. Батареялық бөліктің қақпағы



Батарея зарядының Арна (16)

СК-дисплей

Топ (6)

Жарықтылық

Түстер температурасы



ҚУАТТЫ ҚОСУ

1. Қуат көзі

Қуаттанудың екі тәсілі қолжетімді:



- Литий батареясы: SONY NP-F970 литий батареясынан қуаттануға болады (бөлек сатып алынады).




- Желіден қуаттану: жарықтандырығыш тұрақты тоқ көзінен қуаттануы мүмкін. Жарықтандырығышты айнымалы тоқ көзіне қосу үшін 6-12В желелік адаптерді (бөлек сатылып алынады) пайдаланыңыз.

Ескерту:

- Батареядан қуат алғанда дисплейде зарядталу деңгейі көрсетіледі. Егер индикатор жыпылықтап тұрса, батарея разрядталған дегені. Жарықтандырығыштың мерзімнен бұрын сөніп қалуына жол бермеу үшін батареяны тікелей пайдаланар алдында зарядтаңыз.
- Желіден қуаттанғанда кернеу 10 В-дан артық болғанда индикатор көрсетілмейді.

2. Батареяларды орнату

- Жарықтандырығышты ауыстырып-қосқыштың (03) көмегімен сөндіріңіз.
- Батареяны бөлікке (07) «+» «-» ағытпалар қиылыстырылатындай етіп орнатыңыз. Батареяны шертпек естілгенше орналастырыңыз.
- Жарықтандырығышты іске қосыңыз.
- Жарықтандырығышты пайдаланғаннан кейін қуатты ажыратыңыз және батареяны алып шығыңыз.




ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШТЫ ОРНАТУ



1. Камераға

- Бөгеткіш сақинаны (11) ең биік нүктеге бұрап шығарыңыз және фото- немесе бейнекамераның «ыстық тоспасына» бекітпені (12) кіргізіңіз.
- Бөгеткіш сақинаны (11) қатты тартып бұраңыз.



2. Тұтқаға

- Бөгеткіш сақинаны (11) ең биік нүктеге бұрап шығарыңыз және тұтқаны (14) 1/4" бұрандалы тесіктің (13) көмегімен орнатыңыз.



3. Шағын тұғырыққа

- Бөгеткіш сақинаны (11) ең биік нүктеге бұрап шығарыңыз және бекітпені (12) шағын тұғырықтың «тоспасына» кіргізіңіз.
- Бөгеткіш сақинаны (11) қатты тартып бұраңыз.



4. Тірекке

- Бөгеткіш сақинаны (11) ең биік нүктеге бұрап шығарыңыз және жарықтандырғышты 1/4" бұрандалы тесіктің (13) көмегімен тірекке орнатыңыз.

Ескерту:

Егер сіздің камераныз «ыстық тоспамен» жабдықталмаған болса, жалғаулық кронштейнді сатып алу ұсынылады. Жарықтандырғышта, сіздің камераңызда сияқты, 1/4" бұрандаға арналған тесік бар. Осылайша, жарықтандырғышты және камераны сатып алынған жалғаулық кронштейнге оңай орнатуға болады.

ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

1. Пайдаланар алдында

- Литий батареясын орнатыңыз немесе жарықтандырышқа желілік адаптерді қосыңыз.
- Жарықтандырышты іске қосыңыз
- СК-дисплейде ағымдағы баптаулар көрсетіледі



2. Шығыс параметрлердің баптаулары

Жарықтылықты реттеу

- Мультиселектордың (04) көмегімен панелдің жарықтылығын реттеңіз. Жарықтылықты реттеудің ықтимал мәндерінің диапазоны жарықтандырыштың нақты үлгісіне және оған орнатылған түстер температурасына байланысты болады:

Үлгісі	Түстер темп.	Жарықтықтық диапазоны
LED308Y II	3300K	10%~100%
LED308W II	5600K	
LED308C II	3300K/5600K	10%~100%
	3400K~5500K	25%~100%

Түстер температурасын реттеу

- SET (4) батырмасын басыңыз және СК-дисплейде түстер температурасының индикаторы жыпылықтай бастайды. Мультиселектордың (4) көмегімен түстер температурасының мәнін орнатыңыз. Түстер температурасының ықтимал мәндерінің диапазоны:

LED308W II «суық» нұсқасы	LED308Y II «жылы» нұсқасы	LED308C II Bi-color нұсқасы
5600K	3300K	3300K~5600K

Ескерту: LED308W II және LED308Y II үлгілердің түстер температурасы реттелмейді. Дисплейде тек қана 5600K немесе 3300 K мәні көрсетіледі.

3. Сымсыз қашықтан басқару

433 МГц жиілікте жұмыс істейтін кіріктірілген қашықтан басқару жүйесінің көмегімен жарықтандырыштарды топтарға біріктіруге және оардың параметрлерін басқаруға болады. Біріктіруге арналған 6 топ және кедергілерден қорғауға арналған 16 арна қолжетімді.

Жұмысты бастар алдында жарықтандырыш пен пульте арна мен топтың бірдей мәндерін орнатыңыз.

Жарықтандырғышта арнаны/топты таңдау

- CH/GRP батырмасын басыңыз, СК-дисплейде топтың индикаторы жыпылықтайды. Топты (А-дан F дейін) таңдау үшін мультиселекторды (04) бұрыңыз.
- CH/GRP батырмасын екі рет басыңыз, СК-дисплейде арна индикаторы жыпылықтайды. Арнаны (1-ден 16 дейін) таңдау үшін мультиселекторды (04) бұрыңыз.

Арнаны/топты қашықтан басқару пультіңде таңдау

- CH/GRP батырмасын басыңыз, СК-дисплейде топтың индикаторы жыпылықтайды. «+» «-» батырмалардың көмегімен топты (А-дан F дейін) таңдаңыз.
- CH/GRP батырмасын екі рет басыңыз, СК-дисплейде арна индикаторы жыпылықтайды. «+» «-» батырмалардың көмегімен арнаны (1-ден 16 дейін) таңдаңыз.

ҚБ пультіңде жарықтылықты/түстер температурасын баптау

- «+» «-» батырмалардың көмегімен жарықдиодты панельдің жарықтылығын реттеңіз.
- ҚБ пультіңдегі SET (04) батырманы басыңыз, СК-дисплейде түстер температурасының мәні жыпылықтайды. «+» «-» батырмалардың көмегімен түстер температурасын баптаңыз.

Ескерту: параметрлердің пульттен жарықтандырғышқа жіберілуі тек қана іске қосылған жарықтандырғышта жүзеге асырылады.

Пультпен жүргізілетін басқа операциялар:


- Пульттегі ON/OFF (02) батырмасын жарықтандырғыштардың барлық топтарын қос/сөнд үшін басыңыз. Пульттен OFF пәрмені берілгенде жарықтандырғыш сөнеді және СК-дисплейде OFF индикаторы көрсетіледі. 4 сағат әрекетсіздіктен кейін жарықтандырғыш автоматты түрде сөнеді және пульт жұмыс істемейтін болады.
- Пульттегі SET (04) батырмасын жарықтандырғыштардың ағымдағы тобын қосу/сөндіру үшін басыңыз және кем дегенде 2с басып ұстаңыз.
- Қашықтан басқару пульті 4 сағ әрекетсіздіктен кейін автоматты түрде сөнеді.

Пультпен жұмыс істеу бойынша кеңестер:

- (1) LED308W II жарықтандырғышымен жұмыс істегенде пульте түстер температурасының 5600К мәнін орнатыңыз;
- (2) LED308Y II жарықтандырғышымен жұмыс істегенде пульте түстер температурасының 3300К мәнін орнатыңыз;
- (3) Егер пультті ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды пульттен шығарып қойыңыз

4. Түрлі-түсті сүзгіні/шашыратқышты ауыстыру

- Түрлі-түсті сүзгінің (02) шетін қысыңыз және оны бір жаққа қарай тартып шығарыңыз.
- Жаңа түрлі-түсті сүзгіні қойыңыз және оны, тірлгенінше, жылжытыңыз. Енді жаңа түрлі-түсті сүзгі сенімді бектілген.



ЖИЫНТЫҚТАЛУЫ

№	Мазмұны	LED308W II	LED308Y II	LED500C II
1	Жарықтандырғыш	1 дана	1 дана	1 дана
2	ҚБ пульті	1 дана	1 дана	1 дана
3	Тұтқа	1 дана	1 дана	1 дана
4	Шағын тұғырық	1 дана	1 дана	1 дана
5	Шашыратқыш сүзгі	1 дана	1 дана	1 дана
6	Сары сүзгі	1 дана	жоқ	жоқ
7	Көк сүзгі	1 дана	1 дана	жоқ



Жарықдиодты жарықтандырғыш



ҚБ пульті



Тұтқа



Шағын тұғырық

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі	«Суық» нұсқасы LED308W II	«Жылы» нұсқасы LED308Y II	Bi-color нұсқасы LED308C II
Литий батареясы	7. NP-F 970 4В литий батареясы(бөлек сатылады)		
Қуат кернеуі	6.5~12В (желілік адаптер бөлік сатылады)		
Арналар	16		
Топтар	6 топ (А, В, С, D, E, F)		
Қуат	21 Вт		
Түстер температурасы	5600K±300K	3300K±300K	3300K~5600K±300K
Жарықтылығы (1м)	860 лк	860 лк	860 лк (4200K)
			430 лк (3300K)
			430 лк (5600K)
Жарықтылықты реттеу диапазоны	10%~100%	10%~100%	3300K/5600K:10%~100%
			3400K~5500K:25%~100%
Жарықдиодтардың саны	308	308	5600K: 154
			3300K: 154
Жұмыс температурасы	-10~50°C		
Өлшемдері	180x185x40 мм (тұтқасыз)		
Салмағы	400 г		

ҚБ пульті	RC-A5
Қуаттану	3В, AAA*2 (жиынтыққа кірмейді)
Жұмыс жиілігі	433 МГц
Жұмыс қашықтығы	≥20 м
Арналар	16
Топтар	6 топ (А, В, С, D, E, F)
Күту режимі	1 жылдан астам
Жұмыс температурасы	-10~50°C
Өлшемдері	120x38x15 мм
Салмағы	30 г

* Өнімнің дизайны мен техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіруші: ГОДОКС Фото Эквипмент Ко., Лтд
Мекенжайы: 1201-кеңсе, Джиншан Билдинг, №5033, Шеннан ИстРоуд, Луоху Дистрикт,
Шеньчжень Сити, Қытай 518001.

Телефоны +86-755-25726373

Еуразиялық экономикалық одақ аумағына импорттаушы:

"Наблюдательные приборы" ЖШҚ,

197198, Санкт-Петербург қ., Малая Пушкарская к-сі, 4-6-үй, лит. А, 2Н-үй-жай.

Телефоны +7 (812)498-48-88

Бұйым ҚР аумағында сертификаттаудан өтті

Өндіруші кәсіпорын ISO 9001 сапа менеджментінің халықаралық жүйесінде
сертификатталған

